



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты ІХ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ІХ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

5. 关于加快伊犁河、额尔齐斯河流域生态环境综合治理的建议 (全国政协十一届二次会议

个人提案 - (Ертiс және Іле өзендері бассейніндегі экологиялық ортаны кешенді түрде қайта қалпына келтіруді жеделдету бойынша жеке ұсыныстар – ҚХСКК БК (БК НПКСК) 11-шықырылым, 2-сессия) – 16.03.2009.

6. Совместное коммюнике Республики Казахстан и Китайской Народной Республики// Казахстанская правда// 23.02.2011.

УДК 39(520)“652”

ЖАПОНИЯНЫҢ БАЙЫРҒЫ ТҮРҒЫНДАРЫ – АЙНУ

Рыскалиева Элеанора Жаксылыковна

eleanorazhaksylykkyzy@yandex.kz

ҚР, Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті

Шығыстану кафедрасының оқытушысы

Айну (ainu, «адам», «шынайы адам») – жер шарындағы көптеген аз ұлттардың ішінде ерекше орын алатын өзгеше халық. Оларды тарихи жазбаларда «эдзо» («ezo») деп те атайды. Өлі күнге дейін әлемдік ғылымда ерекше көңіл аударылады. Бұл өмірлері орман, өзендермен, теңізбен және аралдармен байланысқан әдемі және мықты халық болған.

Қазіргі таңда айнулардың шығу тегі белгісіз болып қалуда. XVII ғ. айнуларды кездестірген еуропалықтар олардың сыртқы бейнелеріне таң қалған. Тілі, еуропа тектес нәсілдің бет-пішіндері, сәнді, әрі тамаша сақалдары (оларды тамақ ішкен кезде арнайы таяқшалармен ұстап отырған) айнууды көрші моңғол тектес нәсіл тайпаларынан қатты ерекшелендірді. Қоңыржай климатта өмір сүргендеріне қарамастан жазда айнулар экваторлық елдердің тұрғындары секілді тек белге орайтын таңғыш таққан.

Айнулардың шығу тегі туралы көптеген болжамдар бар, жалпы оларды үш топқа бөлуге болады:

1. Айнулар үндіеуропалық және кавказдық нәсілдерге жақын – бұл теорияны Дж.Бэчелор, С.Мураяма ұстанды;

2. Айнулар австронезиялықтармен (Тайвань, Оңтүстік-Шығыс Азия, Филиппин, Малайзия тұрғындары) туыс және Жапон аралдарына оңтүстіктен келді – бұл теорияны Л.Я. Штернберг ұсынды және бұл Кеңес Одағы этнографиясында басымдыққа ие болды;

3. Айнулар полеоазиат ұлттарына жақын және Жапон аралдарына солтүстіктен Сібірден келген – бұл көзқарасты негізінен жапон антропологтары ұстанды.

Штернбергтің айн және австронезиялықтармен туысқандығы жөніндегі болжамы расталған жоқ. Мәселен, Жапониядағы айнулар мәдениеті Индонезиядағы австронезиялықтар мәдениетінен әлдеқайда ежелгі екенін байқауға болады. Бұған қарамастан айнулардың оңтүстіктен шығу тегі туралы болжамның келешегі бар, себебі соңғы кезде айнулардың Оңтүстік-Шығыс Азия және Оңтүстік Қытайда тұратын мяо-яо халқының алыс туысы болуы мүмкіншілігін пайымдайтын лингвистикалық, генетикалық және этногеографиялық ақпараттар пайда болды.

Өзірше, айнулардың негізгі антропологиялық көрсеткіштері бойынша айнулар жапондардан, кәрістерден, нивхлардан, ительмендерден, полинезиялықтардан, индонезиялықтардан, Австралия аборигендерінен және жалпы Қиыр Шығыс және Тынық мұхиттағы тұрғындарға мүлде ұқсамайтындығы анықталған.

Айнулар шамамен б.з.б. 13 мың жыл бұрын Жапония аралдарына келіп, неолиттік Дзёмон мәдениетін құрған. Айнулардың жапон аралдарына қай жақтан келгендері жөнінде нақты дәлелдер жоқ, алайда Дзёмон дәуірінде айнулар Жапония аралдарының барлығын – Рюкюдан Хоккайдоға дейін, сонымен қатар Сахалиннің жартысында, Куриль аралдарында

және Камчатканың оңтүстігінің үштен бір бөлігін мекен еткен – мұны археологиялық қазба жұмыстары және топонимика нәтижелері растайды, мысалы: Цушима – туйма – «алшақ», фуджи – хуци – «әже» – ошақ құдайы (камуй), Цукуба – ту ку па – «екі садақтың басы»/«екі садақты тау», яматай – я ма та и - «теңіздің құрлықты бөлетін жері» (қытай күнтізбелерінде жазылған аты аңызға айналған Яматай мемлекеті ежелгі айну мемлекеті болуы мүмкін). Осы сияқты Хонсюдағы айнулардың шығу тегінің топонимикалары жөнінде мәліметтердің біразын Киндаичи Кёкусукке еңбектерінен табуға болады.

Айнулардың кең тараған этнонимі «аупи» сөзінен шыққан, айну тілінің хоккайдолық диалектіде «адам» дегенді білдіреді. Жапондар айнуларды «эмиши» деп те атаған – бұл ұғым алғашқы рет Коджики (712 ж.) және Нихоншёки күнтізбелерінде кездеседі. Сонымен бірге «эдзо» немесе «иэдзо» – бұл екі жапон ұғымдары сахалин айнуларының тілінде «адам» дегенді білдіретін «эншю» немесе «энджю» деген сөздерінен шығуы мүмкін деген болжам жасалынды. Сондай-ақ жапондар айнуларды «эбису» деп те атады, бұл сөз «варварлар», «жабайылар» деген мағынаны білдіреді, осылайша жапондардың бұл халыққа қарым-қатынасын байқауға болады. Қазіргі уақытта бұл азұлт өкілдерінің кейбіреулері бір-бірін атағанда «жолдас» мағынасын білдіретін «утари» ұғымын қолданады.

Бүгінгі күні айнулардың нақты сандары белгісіз, себебі көптеген айнулар өзінің шығу тегін жасыруға тырысады, не ол туралы бейхабар – нәсілшілдіктен қорғап қалу мақсатында көпшілік айну болып туылғандардың ата-аналары өз балаларынан олардың шыққан тектерін жасырған.

Айну аңыздарының бірі «Yukar Uropo»-да айтылғандай «бұл жерлерде Күннің балалары келгенше жүздеген мыңжылдық бойы айнулар өмір сүрген». Айну мәдениеті шамамен б.з. 1200 жыл бұрын пайда болған, соңғы зерттеулер оның Охота мәдениеті мен Сацумон мәдениетінің бірігуінен пайда болғандығын көрсетті. Алдыңғы көптеген зерттеулер айнулардың ата-тектерінің қатарында Кавказдан шыққан халықтар болуы мүмкін деген болжамға келгенімен, соңғы ДНК-тесттер бұл халықтардың ешқандай ізін таппады. Айнулардың генетикалық тестілері олардың негізінен D гаплотобындағы (гаплоидтық генотип) Y тобына жататындығын көрсетті. Бұл топтың Жапониядан тысқары басқа тараған жерлеріне Тибет және Үнді мұхитындағы Андаманск аралы жатады.

Таджима және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде (2004 ж.) 16 айну-ер адамдардың екеуі (яғни 12,5 %-ы) C3 гаплотобына кіргізілген, бұлар Моңғолия және ресейлік Қиыр Шығыстың байырғы тұрғындары арасында кең тараған Y-хромосомалы гаплотобы болып табылады. 2006 ж. Хаммер және басқа ғалымдардан төрт айнуларды зерттеп, олардың біреуі (25 %) C3 гаплотобына жататындығы анықталды. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша айнулар арасында C3гаплотобының аз кездесуі айнулардың ежелден мәдени екі жақты өзара байланыстары болған нивхлардың генетикалық әсерінің белгілі бір деңгейін көрсетуі мүмкін. Танаканың деректері (2004 ж.) бойынша олардың мтДНК (митохондриялық ДНК)-сы ең алдымен Y гаплотоптарынан (21,6 %) және M7a гаплотоптарынан (15,7 %) тұрады, ал соңғы деректердің бас сүйегінің пішінін қайта қарастыру көрсеткіштері бойынша айну Jomon-jin емес, Охота аймағының тумалары көбірек ұқсас, бұл ақпарат айну мәдениеті мен Охота мәдениетімен және Сацумон мәдениетімен арадағы байланысы болу мүмкіншілігі сенімдірек. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша айну тарихтан бұрынғы нәсілдердің ұрпағы болуы мүмкін, бұл нәсілдерден сондай-ақ Австралияның байырғы халықтары шыққан. Стив Олсонның (Steve Olson) «Адамзат тарихын суреттеу» атты еңбегінде жергілікті тұрғындардың тасқа айналған қалдықтары жөнінде жаңалық ашылуын сипаттайды, олардың жасы 10 мың жылды құрайды және оларды Дзёмон тобына жатқызады, бұл топ өкілдерінің бет-пішіндері Австралия және Жаңа Гвинеяның байырғы халықтарының бет-пішінін еске салады. XX ғ. соңында Jomon-jin-мен байланысты халық топтары Солтүстік Американы алғашқы болып игергендігі туралы тұжырымдамалар пайда болды. Бұл тұжырым Солтүстік Американың батыс бөлігінде және Латын Американың кейбір бөліктерінде өмір сүріп жатырған тайпалардың арасындағы мәдени ұқсастыққа және сүйектерінің ұқсастығына негізделі отырып жасалған.

Кавали-Софорцтың инновациялық генетикалық карта арқылы сипаттауында Жапон теңізі маңайы, әсіресе Жапон архипелагы геноменінде кездесетін гендердің жиілігінің айырмашылығын айқын көрсетті, бұл осы топ тұрғындарын америка континентінің көп бөлігінде және Шығыс Азияның қалған бөліктеріндегі басқаларынан ажыратады. Бұл айырмашылық ерте Дзёмон кезеңіне және, мүмкін, оданда ерте кезеңге сәйкес келетін Еуразиядағы үшінші маңызды генетикалық қозғалыс (басқаша айтқанда, генетикалық айырмашылықтың үшінші негізгі компоненті) ретінде ұсынылған.

Айнулар солтүстіктегі Сахалин аралынан Куриль аралдарына дейін, сондай-ақ Хоккайдода және солтүстік Хонсюда тараған, дегенмен кейбір зерттеушілер олардың орналасу аясына тұтас Хонсюді және Камчатканың оңтүстігін кіргізеді.

Хоккайдо аралы айнулар арасында «Айну Мосир», яғни «айнулар жері» деген атаумен белгілі болды және біріншіден – орыстардың басып кіруін болдырмау құралы ретінде, екіншіден – империалистік себептер бойынша 1868 жылдың аяғында жапондармен ресми аннексияланған (аннексия – мәжбүрлеп басқа мемлекет территориясын өзіне қосып алу).

1897 жылғы халық санағына сәйкес Ресей империясындағы 1446 адам айн тілін өздерінің ана тілі деп атады, олардың 1434 адамы Сахалинде тұрып жатты. Жоғарыда аталған тарихи себептермен қазіргі уақытта барлық айндар Жапонияда тұрады.

1904-1905 жж. орыс-жапон соғысының нәтижесінде Сахалиннің оңтүстік бөлігі Жапонияның қоластына көшті, ал 1945 жылы екінші дүниежүзілік соғыстың аяғында КСРО Жапонияға соғыс жариялап, Сахалиннің оңтүстік бөлігін және Куриль аралдарын жаулап алды. Жергілікті айнулар Жапонияның құзырындағы азаматтар ретінде Жапонияға «қайтарылды». Алайда Сахалинде әлі де айнулардың аз ғана саны мекен етуде, олар жер аударылғанымен кейін қайтып оралған сахалин айндарының ұрпақтары болып табылады. Камчатканың оңтүстігінде және Куриль аралдарында да айнулардың азғантай бөлігі өмір сүруде. Дегенмен өздерінің ана тілінде сөйлейтін айнулар тек Жапонияда ғана өмір сүріп жатыр. Онда олар негізінен Хоккайдо аралының оңтүстік және шығыс жағалауларында қоныстанған.

Жапондармен ассимиляциялануынан және туған мәдениетінің көпшілік мәдениетімен үздіксіз жұтылып отыруына байланысты бүгінгі күні айну елді-мекенінің түпнұсқасы жоқ. Хидака префектурасындағы Нибутани қаласында айну үй шаруашылығының аз бөлігі ғана бар, ал айнуларға арналған мұражайлардың қасында әртүрлі айну жасаған ұсақ-түйек бұйымдарды сатып алуға болатын дүкендер бар. Хоккайдода кеңінен жарнамалайтын көптеген «дәстүрлі айну ауылдары», мысалы: Акан және Шираой, таза туристік атракцион болып табылады, дегенмен дәл осы жер айнулармен сөйлесуге мүмкіндік береді.

Айнулар жер шаруашылығымен айналыспаған, ал олардың шаруашылықтарының негізгі саласы терімшілік, балық аулау және аң аулау болды, сондықтан айну үшін адам популяциясында және табиғи ортада тепе-теңдікті сақтау маңызды болды, мәселен, демографиялық жарылысты болдыртпау. Нақ сол себепті айнулардың ешқашан ірі елді-мекендері болмаған және негізгі әлеуметтік бірліктері жекелеген топтар болды – айну тілінде – утар/утари – «бір өзенде/бір ауылда мекендейтін адамдар». Мұндай мәдениеттерді қолдап тұру үшін едәуір кеңістікті қажет ететіндіктен неолиттік айнулар бір-бірінен едәуір алшақта болды және дәл осы себептен ерте кездің өзінде айнулар жапон архипелагының барлық аралдары бойынша бөлшектене қоныстанған.

Әдетте айнулар табиғатта барлығының ішкі «камуй», яғни жаны немесе құдайы болады деп пайымдайтын анимисттер болып табылады. Әрине бұл құдайлардың иерархиясы бар.

Ең маңызды құдай Жер-ана (от, ошак) болып табылады, одан кейін тау (жануарлар) құдайы, теңіз құдайлары (теңіз жануарлары) және барлық қалған құдайлар бірінің артынан бірі келеді. Айнуларда мамандандырылған дін қызметкерлері жоқ. Ауыл старостасы қажет болған жағдайда кез-келген діни рәсімдерді жүргізеді. Салтанат-рәсімдері күріш сырасын ішумен, дұға оқу және таяқшаларды сыйға тартумен ғана шектеледі. Таяқшаларды жекеше түрде «инау» және көпше түрде «нуса» деп атайды. Оларды өлтірген жануарлардың жанын «кейін қайтару» үшін таяқшаларды басты бөлмеге қояды. Айнулар тамақ ішер алдында

құдайларға алғыс білдіреді және ауырған кездерінде от құдайына сиынады. Олар өздерінің жандары мәңгі өмір сүреді, ал денелері қайтыс болғаннан кейін құдайлар жері – «Камуй Мошир»-ға қайтып оралады деп санайды. Солтүстіктегі айнулар Орыс православ шіркеуінің мүшелері болып табылады.

XX ғ. ағында жапондар тиым салғанға дейін айнуларда аю және бүркітпен байланысты діни құрбан шалу тәжірибелері болды. Айнулар мерекелері үшін арнайы өсірген аюды құрбандыққа шалады. Аю мерекесін өткізетін үй қожайыны мейрамға барынша көп қонақ шақырады. Аюды өлтіргеннен кейін оның басын әрбір айну үйіндегі қасиетті орынға – үйдің шығыстағы терезесіне қойып қояды, наным-сенімдері бойынша аюдың басында оның жаны өмір сүреді. Сонымен қатар қатысушылардың барлығы қонақтар арасында айналдыра берілетін арнайы ыдыстан аюдың қанын ішулері қажет, бұл қатысушылар арасында аюдың күшін бөлуді білдіреді және олардың құдай алдында рәсімге қатыстығын растайды.

Айнулар фотосуретке түсуден немесе зерттеушілер тарапынан суретке салынып алудан бас тартқан. Бұл айнулардың, әсіресе, жалаңаш немесе аз киім киген олардың бейнелері не фотосуреттер суретте бейнеленгеннің өмірінің бөлігін алып кететіндігіне сенулерімен байланысты. Айнуларды зерттеумен айналысатын ғалымдар бейнелеген суреттерді айнулар конфискациялағандығы жөнінде бірнеше оқиғалар мәлім. Біздің заманымызда бұл наным өзінің сенімділігін жоғалтты.

Айнулардың дәстүрлі мәдениеті жапон мәдениетінен ерекшеленеді. Белгілі бір жастан кейін ер адамдар қырынуды тоқтатады және әрқашан ұзын сақал және мұрт өсірген. Ер кісілер және әйелдер иығына дейін шаш өсірген, бірақ артжағынан жарты шеңбер формасында қиған. Әйелдер еріндеріне татуировка жасады, ал кейде білектеріне де сурет салды. Ерін татуажы жеткіншек жасында үстіңгі ерінге кішкентай нүктеден бастап, кейін келе мөлшерін үлкейте берген – күйеуге шығуға лайықты жасқа жеткен кезде қыздың шеңбер тәріздес татуировкасы болған.

Айнулардың ұлттық киімі «аттуши» немесе «аттус» деп аталатын жөкеден тоқылған киімдерді киген. Жалпы айну киімдерінің бірнеше стильдері болған, бірақ негізгісі денесін орайтын және беліне белбеу тағылатын тік жеңді қысқа шапаннан тұрды. Ер адамдардың мұндай шапандары балтырға дейін, ал әйелдікі тізесіне дейін жетті. Сондай-ақ әйелдер жапондар сияқты іш киім киген. Қыста айнулар жануарлардың терісін жамылды, жұмсақ теріден жасалған шұлық киген және арқан балық немесе иттің терісінен аяқ киім жасады. Сахалиндік айнулар өздерінің құрлықтағы көршілерінен шалбар не екенін білді.

Ер кісілер де, әйелдер де сырғаларды жақсы көрген, ертеде оларды жүзім сабақтарынан жасаған, сондай-ақ әйелдер қатты бағалайтын және «тамасай» деп аталатын моншақтарды жақсы көрген. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей сырғалар да, моншақтар да діни табынушылық сипатына ие болды.

Айнулардың тағамдары түлкі, қасқыр, борсық, жылқы еттерінен, балық, құс, тары, көкөністер, шөп және өсімдік тамырларынан дайындалды. Олар ешқашан шикі ет немесе балық жемеген, әрқашан оларды суға пісірген не қуырған.

Айнулар балаларының тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Олардың ойынша бала ең алдымен үлкендерді таңдап үйренулері қажет: өздерінің ата-анасын, өзінен үлкен аға-апаларын, жалпы үлкендерді. Айнулардың көзқарасы бойынша үлкендерді тыңдау балалардың олар өздері оған бір іспен барғанда ғана сөйлесуі негізінде көрсетіледі. Ол әрдайым үлкендердің көз айымында болуы қажет, бірақ сонымен бірге шуламаулары керек және өзінің қатынасуымен мазасын алмаулары қажет.

Ұлдарды әкесі тәрбиелеген. Ол балаларына аң аулауды, тұрған орнын бағдарлай білуді, орманда қысқа жолды таңдауға және көптеген басқа нәрселерге де үйретеді. Қыз баланы тәрбиелеу анасына жүктеледі. Балалары белгіленген тәртіпті бұзған кезде, қателік немесе теріс қылық жасаған кезде ата-аналары оларға әртүрлі өнегелі аңыздар және әңгімелер айтып берген, баланың психикасына әсер ету құралын дене жазасынан дұрысырақ көрген.

Айнулар балаларының есімін еуропалықтар сияқты дүниеге келгеннен кейін бірден қоймайды, бір жастан он жас аралығында, не одан кейінде қояды. Көбіне айнудың есімі оған

дара сипат береді, оның мінезінің ерекше қасиеттерін көрсетеді. Мысалы: өзімшіл, лас/салақ, әділ, шешен, кекеш және т.б. Айнулардың лақап есімдері жоқ, мұндай жүйедегі есімдердің болуына байланысты олардың қажеттілігі де жоқ.

Айнулардың өзіндік ерекшеліктері көп болғандықтан кейбір антропологтар бұл этносты ерекше «аз нәсілге» - курильдікке жатқызады. Кей Ресей еңбектерінде оларды «түкті курильдіктер» не жай ғана «курильдіктер» («куру» - адам) деп атайды. Ғалымдардың бір бөлігі оларды «Сунда» – ежелгі Тынық мұхиты құрлығынан (олардың қалдығы Үлкен Зонд және Жапон аралдары болып табылады) шыққан Дзёмон халқының ұрпақтары деп есептейді.

Айну тілі – зерттеушілер үшін жұмбақ. Лингвисттердің айн тілін басқа тілдермен теңестіру талпыныстарына қарамастан әлі күнге дейін оның әлемнің басқа тілдерімен туыстығы дәлелденбеген. Айнулар тілі жапон тілінен сөйлем құрылымы, фонологиясы, морфологиясы және лексикасы бойынша ерекшеленеді. Оны көрші халықтардың – кәрістердің және нивхалардың тілдерімен ғана емес, сондай-ақ иврит және баск сияқты «алыс» тілдермен де салыстырып қараған.

Айнуларда есептеу жүйелерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Олар «жиырмалықтармен» есептейді. «Жүз», «мың» деген ұғымдар оларда жоқ. Жүз санын айнулар «бес жиырмалық», ал 110 – «он қалған алты жиырмалық» деп көрсетеді. Санау жүйесі «жиырмалықтарға» қосуға болмайтындығымен қиындай түседі, олардан тек алуға болады. Мысалы: егер айну өзінің 23 жаста екендігі туралы айтқысы келсе, онда ол былай айтады: «Маған екі жиырмалық жастан алынған жеті жас қосу он жас», яғни $(20+20)-(7+10)=23$.

Қазіргі уақытта Жапонияда шамамен 25000 айну (бейресми ақпарат бойынша 200000) өмір сүріп жатыр. 2008 жылдың 6 маусымында Жапон Парламенті айнуларды дербес аз ұлт ретінде мойындады, алайда бұл жағдайды еш өзгертпеді және сана сезімдерінің өсуіне әкелмеді, себебі барлық айнулар толығымен ассимиляцияланған және жапондардан айырмашылығы жоқ, олар жапон антропологтарына қарағанда өз мәдениеттері жөнінде аз біледі және оны қолдауға тырыспайды, бұл ұзақ уақыт бойы айнулардың кемсітілгендерімен түсіндіріледі. Сонымен бірге айну мәдениеті туризм қызметіне толығымен қойылған және шын мәнінде театрдың бір түрін көрсетеді. Жапондар және айнулардың өздері туристтер қажетіне экзотика ретінде таратуда.

Бұл мақалада «айну» – Жапонияның ежелгі тұрғындарының шығу тегі, тарихы, жағрафиясы, шаруашылықтары, қоғамы, діні, наным-сенімдері, мәдениеті, айну тілі және олардың қазіргі замандағы жағдайлары қарастырылғанымен Жапонияның аз ұлттары ретінде «айну» халқы, олардың шығу тегі және жапон үкіметінің оларға қатысты саясаты әлі де толық зерттеуді қажет етеді.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Арутюнов С. А., Щебеньков В. Г. Древнейший народ Японии. М.: Наука, 1992
2. Howell, David L. (2005). Geographies of identity in nineteenth-century Japan. University of California Press via Google Books. p. 187.
3. Горчаков, Даниил. В России снова появились айны – самый загадочный народ Дальнего востока. Пятый канал (22 марта 2011).
4. Galiullina, Julia. The Ainu: one of Russia's indigenous peoples (англ.). The Voice of Russia (4 мая 2011).